

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 қазандағы N 55-4 шешімі. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 қазанда № 6-9-123 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 қарашадағы № 10-4 шешімімен

**Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2012.11.30 № 10-4 шешімімен**

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес, аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А. Назарбековке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Б. Ильясов*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы  
М. Есмаханов*

